**«Аграрлық несие корпорациясы»**
**акционерлік қоғамы**
**Аралық қысқартылған қаржылық есептілік**
*2012 жылғы 30 маусым*
*Аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің шолуы жөніндегі есеппен бірге*

Ernst & Young

ERNST & YOUNG

## МАЗМҰНЫ

### АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есеп ........ 1
Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған есеп ........ 3
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған есеп ........ 4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп ........ 5

### АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызмет сипаты ........ 6
2. Есептілікті дайындау негізі ........ 6
3. Ақша қаражаты және олардың баламалары ........ 7
4. Туынды қаржы құралдары ........ 7
5. Клиенттерге берілетін кредиттер ........ 8
6. Сатуға арналған активтер ........ 9
7. Кредиттік ұйымдардың қаражаты ........ 10
8. Акционердің алдындағы берешек ........ 10
9. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар ........ 10
10. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек ........ 10
11. Салық салу ........ 11
12. Капитал ........ 11
13. Шарттық және шартты міндеттемелер ........ 12
14. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар ........ 13
15. Акцияға кіріс ........ 13
16. Қаржы құралдарының әділ құны ........ 14
17. Байланысқан тараптармен операциялар ........ 14
18. Капитал жеткіліктігі ........ 15
19. Аралық кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар ........ 15

ERNST & YOUNG

Ernst & Young LLP
Esentai Tower
Al-Farabi Ave., 77/7
Almaty, Kazakhstan

Tel: +7 (727) 258 5960
Fax: +7 (727) 258 5961
www.ey.com/kazakhstan

ТОО «Эрнст энд Янг»
Казахстан, Алматы
пр. Аль-Фараби, 77/7
Здание «Есентай Тауэр»

Тел.: +7 (727) 258 5960
Факс: +7 (727) 258 5961

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛЫП ТЕКСЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

"Аграрлық Несие Корпорациясы" АҚ-ның Акционері мен Директорлар кеңесіне –

### *Кіріспесі*

Біз 2012 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Корпорация») қоса беріліп отырған аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі оған 2012 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жай-күй туралы аралық қысқартылған есеп, сондай-ақ пайда мен зияндар, жиынтық кіріс туралы тиісті аралық қысқартылған есептер, капиталдағы өзгерістер және көрсетілген күнге аяқталған алты айлық кезең үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есептер және қаржылық есептілікке жекелеген ескертпелер жатады. Корпорацияның басшылығы 34 ХҚЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» (34 ХҚЕС (IAS)) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің міндетіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде осы аралық қысқартылған қаржылық есептілік бойынша тұжырымдарды жасау болып табылады.

### *Шолып тексеру бойынша жұмыс көлемі*

Біз шолып тексерулерге қолданылатын Халықаралық стандартқа сәйкес, 2410 («Ұйымның тәуелсіз аудиторы жасайтын аралық қаржылық ақпаратқа шолып тексеру») шолып тексеруді жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге Корпорация персоналының арасында, ең алдымен қаржылық мәселелерге және бухгалтерлік есеп мәселелеріне, сондай-ақ шолып тексерумен байланысты талдау және өзге де процедуралардың орындалуына жауапты қызметкерлердің арасында сауалнаманы жүргізу кіреді. Шолып тексеру барысында орындалатын рәсімдердің көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргізу кезіндегіге қарағанда айтарлықтай аз, бұл бізге аудитті жүргізу барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі фактілерді анықтағанымызда сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

### *Ескертуі бар тұжырым жасау үшін негіз*

Пайда мен зияндар, жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы қоса берілген аралық қысқартылған есептер 34 ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкес ашылып көрсетілуге жататын салыстырмалы деректерсіз көрсетілген.

*Тұжырым*

«Ескертуі бар тұжырым жасау үшін негіз» бөлімінде сипатталған жағдайлардың аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ықпалын қоспағанда, біз жасаған шолып тексеру барысында біз қоса берілген аралық қысқартылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 34 ХҚЕС (IAS) сәйкес дайындалмағанына пайым жасауға мүмкіндік беретін фактілерді анықтамадық.

Ernst & Young LLP

Евгений Жемалетдинов
Аудитор/«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ - 2, № 0000003, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген

2003 жылғы 24 желтоқсандағы № 0000553 аудитордың біліктілік куәлігі

2012 жылғы 31 қазан

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП

**2012 жылдың 30 маусымына**

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | *Ескерт.* | **2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған)** | **31 желтоқсан 2011 жыл** |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 3 | **17.784.158** | 5.123.360 |
| Туынды қаржы құралдары | 4 | **245.888** | 348.963 |
| Клиенттерге берілетін кредиттер | 5 | **93.436.143** | 80.622.405 |
| Сатуға арналған активтер | 6 | **188.907** | 167.666 |
| Табыс салығы бойынша ағымдағы активтер | | **322.235** | 271.429 |
| Негізгі құралдар | | **254.837** | 232.920 |
| Материалдық емес активтер | | **265.412** | 283.726 |
| Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер | | **1.155.688** | 943.017 |
| Өзге активтер | | **61.702** | 51.600 |
| **Активтер жиыны** | | **113.714.970** | 88.045.086 |
| **Міндеттемелер** | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 7 | **4.547.301** | 6.776.149 |
| Акционердің алдындағы берешек | 8 | **42.798.040** | 14.807.777 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 9 | **3.050.980** | 5.506.297 |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | 10 | **128.481** | 134.852 |
| Басқа да міндеттемелер | | **139.995** | 150.014 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **50.664.797** | 27.375.089 |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 12 | **67.599.371** | 65.349.371 |
| Қосымша капитал | | **4.038.615** | 3.904.973 |
| Резервтік капитал | | **702.348** | 533.203 |
| Шартты бөлу резерві | | **(4.920.718)** | (4.655.348) |
| Жинақталған дефицит | | **(4.369.443)** | (4.462.202) |
| **Капитал жиыны** | | **63.050.173** | 60.669.997 |
| **Міндеттемелер мен капитал жиыны** | | **113.714.970** | 88.045.086 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Нұрлыбек Төлебайұлы Малелов	Басқарма Төрағасы

Кусаинова Галия Даировна	Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімінің бастығы

2012 жылғы 31 қазан

*6-15 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

**ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП**
**2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | *Ескерт.* | *2012 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жасалмаған)* |
|---|---|---|
| **Пайыздық кірістер** | | |
| Клиенттерге берілетін кредиттер | | 2.935.494 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | | 250.603 |
| | | **3.186.097** |
| **Пайыздық шығыстар** | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | | (274.677) |
| Акционердің алдындағы берешек | | (546.740) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | | (200.617) |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | | (5.086) |
| | | **(1.027.120)** |
| **Таза пайыздық кіріс** | | **2.158.977** |
| Кредиттердің құнсыздану резерві | 5 | (1.427.408) |
| **Құнсыздану резервін шегере отырып таза пайыздық кіріс** | | **731.569** |
| Туынды қаржы құралдарын қайта бағалаудан болған таза кірістер | | 146.518 |
| Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығындар | | (13.606) |
| Басқа да кірістер | | 4.139 |
| **Пайыздық емес кірістер** | | **137.051** |
| Қызметкерлер құрамының шығыстары | 14 | (515.318) |
| Басқа да операциялық шығыстар | 14 | (269.937) |
| Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болған залал | 6 | (1.200) |
| **Пайыздық емес шығыстар** | | **(786.455)** |
| **Табыс салығы бойынша жеңілдіктерге дейінгі табыс** | | **82.165** |
| Табыс салығы бойынша жеңілдік | 11 | 179.739 |
| **Есепті кезеңдегі пайда** | | **261.904** |
| **Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)** | 15 | **3,95** |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Нұрлыбек Төлебайұлы Малелов — Басқарма Төрағасы

Кусаинова Галия Даировна — Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімінің бастығы

*6-15 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП 2012 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Ескерт. | 2012 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жасалмаған) |
|---|---|---|
| **Есепті кезеңдегі пайда** | | **261.904** |
| **Басқа да жиынтық кіріс** | | |
| Шартты бөлу резервін қалыптастыру | 12 | **(331.713)** |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттерден болған кірісті бастапқы мойындау | 12 | **167.052** |
| Мерзімі өткен корпоративтік табыс салығы бойынша жеңілдік | 12 | **32.933** |
| **Салықтар шегерілген кезең үшін өзге де жиынтық залал** | | **(131.728)** |
| **Кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны** | | **130.176** |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Нұрлыбек Төлебайұлы Малелов — Басқарма Төрағасы

Кусаинова Галия Даировна — Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімінің бастығы

*6-15 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП**
**2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | *Жарғылық капитал* | *Қосымша төленген капитал* | *Резервтік капитал* | *Шартты бөлу резерві* | *Жинақталған дефицит* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2010 жылдың 31 желтоқсанына** | 48.649.371 | 2.849.181 | 481.883 | (2.319.198) | (4.580.027) | 45.081.210 |
| Кезеңдегі жиынтық залал жиыны | – | 1.055.792 | – | (2.336.150) | 169.145 | (1.111.213) |
| Жарғылық капиталды ұлғайту | 16.700.000 | – | – | – | – | 16.700.000 |
| Резервтік капиталды ұлғайту | – | – | 51.320 | – | (51.320) | – |
| **2011 жылдың 31 желтоқсанына** | **65.349.371** | **3.904.973** | **533.203** | **(4.655.348)** | **(4.462.202)** | **60.669.997** |
| Кезеңдегі жиынтық кіріс (аудит жасалмаған) | **–** | **133.642** | **–** | **(265.370)** | **261.904** | **130.176** |
| Жарғылық капиталды ұлғайту (12-ескертпе) (аудит жасалмаған) | **2.250.000** | **–** | **–** | **–** | **–** | **2.250.000** |
| Резервтік капиталды ұлғайту (12-ескертпе) (аудит жасалмаған) | **–** | **–** | **169.145** | **–** | **(169.145)** | **–** |
| **2012 жылдың 30 маусымына (аудит жасалмаған)** | **67.599.371** | **4.038.615** | **702.348** | **(4.920.718)** | **(4.369.443)** | **63.050.173** |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Нұрлыбек Төлебайұлы Мәделов — Басқарма Төрағасы

Кусаинова Галия Даировна — Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімінің бастығы

*6-15 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП**
**2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | *Ескерт.* | **2012 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жасалмаған)** |
|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | |
| Алынған пайыздар | | 1.763.475 |
| Төленген пайыздар | | (598.749) |
| Туынды қаржы активтері бойынша іске асырылған кіріс | | 146.518 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша іске асырылған залал | | (11.056) |
| Қызметкерлерге төленген шығыстар | | (488.675) |
| Басқа да төленген операциялық шығыстар | | (227.728) |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары** | | 583.785 |
| *Операциялық активтердің таза көбеюі* | | |
| Клиенттерге берілетін кредиттер | | (13.101.518) |
| Өзге активтер | | (10.102) |
| *Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі* | | |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | | (11.330) |
| Басқа да міндеттемелер | | (36.710) |
| **Табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен болған ақша қаражатының таза пайдаланылуы** | | (12.575.875) |
| Төленген табыс салығы | | (37.590) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы** | | (12.613.465) |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағымдары** | | |
| Сатуға арналған активтерді сату | 6 | 31.915 |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | (37.962) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (3.661) |
| **Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза пайдаланылуы** | | (9.708) |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдары** | | |
| Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер | 12 | 2.250.000 |
| Кредиттік ұйымдардағы қарыз қаражатын өтеу | 7 | (2.226.350) |
| Акционерден қарыз қаражатын тартудан түскен түсім | 8 | 29.748.931 |
| Акционерден қарыз қаражатын тартудан түскен түсім | | (2.061.410) |
| Сатып алынған борыштық бағалы қағаздар | 9 | (2.427.200) |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі** | | 25.283.971 |
| **Ақша қаражаты және олардың баламаларының таза көбеюі** | | 12.660.798 |
| **Есепті кезеңнің басына ақша қаражаты мен олардың баламалары** | 3 | 5.123.360 |
| **Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары** | 3 | 17.784.158 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Нұрлыбек Төлебайұлы Малелов — Басқарма Төрағасы

Кусаинова Галия Даировна — Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімінің бастығы

*6-15 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

## 1. Қызмет сипаты

«Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Корпорация») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы №137 қаулысымен құрылды. Корпорация өз қызметін Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 3 ақпандағы № 24 банк заңнамаларымен көзделген операцияларды жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жанындағы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті (бұдан әрі – "ҚҚК") берген лицензияның негізінде жүзеге асырады. Сонымен бірге, Корпорацияның Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі № 274 қаулысымен тағайындалған қаржылық агенттік мәртебесі бар.

Корпорацияның негізгі қызмет түрлері мыналар:

- Ауыл шаруашылық секторын қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
- Агроөнеркәсіптік кешенде өз жобаларын іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;
- Агроөнеркәсіптік кешендегі жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- Берілген қаражатты өтеу есебінен кепіл мүлкін және ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу;
- Тиісті лицензиялардың негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру;
- Лизинг қызметін жүзеге асыру.

Корпорацияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Иманов көшесі, 11.

Корпорацияның жалғыз акционері "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдинг" акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша –"ҚазАгро" немесе "Акционер") болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚазАгроның жалғыз акционері болып табылады.

2012 жылдың 30 маусымына Корпорацияның Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 13 филиалы бар (2011 жылдың 31 желтоқсанына - 13 филиал) .

## 2. Есептілікті дайындау негізі

### Жалпы бөлім

2012 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін осы аралық қысқартылған қаржылық есептілік 34 ХБЕС «Аралық қаржылық есептілік» («34 ХБЕС») Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалды және 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Корпорацияның жылдық қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Корпорация алты айлық кезең үшін аралық қысқартылған қаржылық есептілікті алғаш рет дайындады, сондықтан пайда мен залалдар, жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістер, ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық есептер және тиісті ескертпелер 2011 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін салыстырмалы деректерсіз ұсынылған.

Осы қаржылық есептілік бір акция есебінен алынған деректерді қоспағанда немесе егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – "мың теңге") көрсетілген.

### Есеп саясатындағы өзгерістер

Аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап төменде сипатталған жаңа стандарттар мен түсіндірмелердің қабылдануын қоспағанда, 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Корпорацияның жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді:

## 2. Есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

### Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

*7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»*

2010 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулерін жариялады, әрі олар 2011 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету Корпорацияның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға мойындалуы тоқтамаған активтердің және тиісті міндеттемелердің өзара байланысының сипатын түсінуге мүмкіндік беру үшін берілген, бірақ мойындалуы тоқтамаған қаржылық активтер туралы қосымша ақпараттың ашылып көрсетілуін талап етеді. Сонымен бірге, түзету қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына мойындалуы тоқтамаған активтердегі компанияның жалғасып отырған қатысуының және осыған байланысты тәуекелдердің сипатын бағалау мүмкіндігін беру үшін мойындалуы тоқтаған активтердегі жалғасып отырған қатысу туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін талап етеді. Түзету тек ақпаратты ашып көрсетуді ғана өзгертеді және Корпорацияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

*12 ХҚЕС (IAS) «Табыс салығы» - Кейінге қалдырылған салықтар: кейінге қалдырылған салықтың негізіндегі активті өтеу*

2010 жылғы желтоқсанда ХҚЕС жөніндегі кеңес 12 ХҚЕС (IAS) түзетулерін жариялады әрі олар 2012 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзетуде әділ құн бойынша қайта бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке қатысты кейінге қалдырылған салықты айқындау тәртібі түсіндіріледі. Түзетумен соны бағалау үшін 40 ХҚЕС (IAS) сай әділ құнның үлгісі пайдаланылатын инвестициялық жылжымайтын мүлік бойынша кейінге қалдырылған салық оның баланстық құны сату арқылы өтелетіндігіне сүйене отырып айқындалуы тиіс екендігі жөніндегі дауланбайтын жорамал енгізіледі. Сонымен бірге, түзетумен соған сай 16 ХҚЕС (IAS) сай қайта бағалау үлгісі бойынша бағаланатын амортизацияланбайтын активтер бойынша кейінге қалдырылған салық сату арқылы олардың құнын өтеу жөніндегі жорамалдың негізінде әрдайым айқындалуы тиіс екендігі талабы енгізіледі. Бұл түзетулер Корпорацияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

## 3. Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражатына келесі позициялар кіреді:

| | 2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған) | 31 желтоқсан 2011 жыл |
|---|---|---|
| Қолма-қол ақша қаражаты | 1 | 72 |
| Ағымдағы шоттағы ақша қаражаты | 17.784.157 | 5.123.288 |
| **Ақша қаражаты және олардың баламалары** | **17.784.158** | 5.123.360 |

2012 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бір банкте орналастырылған ақша қаражатының шоғырлануы 7.038.396 мың теңге (2011: 3.552.116 мың теңге) болды.

## 4. Туынды қаржы құралдары

Төменде қаржылық есептілікте активтер немесе міндеттемелер ретінде, сондай-ақ олардың шартты сомалары ретінде көрсетілген туынды қаржы құралдарының әділ құнын көрсететін кесте келтірілген:

| | 2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған) | | | 2011 жылғы 31 желтоқсан | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шартты негізгі сома | Әділ құны | | Шартты негізгі сома | Әділ құны | |
| | | Актив | Міндеттеме | | Актив | Міндеттеме |
| **Опциондар** | **1.350.859** | **245.888** | – | 2.304.335 | 348.963 | – |

## 4. Туынды қаржы құралдары (жалғасы)

Опциондар сатып алушының келешекте белгіленген күнге немесе белгілі бір кезеңнің ішінде уақыттың кез келген сәтінде тіркелген баға бойынша қаржы құралдарының белгілі бір санын сатып алу не болмаса сату құқығын қамтитын шарттық келісімдерді білдіреді.

2012 және 2011 жылдардың 30 маусымына Корпорацияда шетел валютасы бағамының ең аз мәнін тіркеуді көздейтін шетел валютасына байланыстырылған белгілі бір заемдар болды, яғни негізгі борыш пен пайыздар бойынша төлемдер шетел валюталарымен Корпорацияда, егер келісім-шартта көрсетілген шетел валютасының бағамы белгілі бір шекке қатысты асып түсетін болса (шек, әдетте заемды беру күніне валютаның айырбас бағамының деңгейінде белгіленеді), одан да жоғары төлемді талап ету құқығы бар болатындай етіп шетел валюталарымен индексациялануы тиіс. Дәл сол уақытта, егер шетел валютасының бағамы көрсетілген шектен төмен түссе, негізгі борыш пен пайыздар бойынша төлемдер бастапқы деңгейде қалады.

Корпорацияның пікірінше, жоғарыда аталған индексация ендірілген валюталық опцион болып табылады, әрі ол өз кезегінде негізгі келісім-шарттан бөлінуге және қаржылық есептілікте пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын жеке қаржы құралы ретінде есепке алынуға жататын ендірілген туынды қаржы құралы ретінде болады.

## 5. Клиенттерге берілетін кредиттер

Клиенттерге берілген кредиттерге келесі позициялар кіреді:

| | *2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған)* | *31 желтоқсан 2011 жыл* |
|---|---|---|
| Аграрлық секторда заңды тұлғаларға берілген кредиттер | **95.034.455** | 84.045.313 |
| Аграрлық секторда жеке тұлғаларға берілген кредиттер | **9.971.494** | 7.165.328 |
| **Клиенттерге берілген кредиттердің жиыны** | **105.005.949** | 91.210.641 |
| Құнсыздану резервін шегере отырып | **(11.569.806)** | (10.588.236) |
| **Клиенттерге берілетін кредиттер** | **93.436.143** | 80.622.405 |

*Кредиттерге берілген кредиттердің құнсыздану резерві*

Төменде кредиттердің құнсыздану резервінің салыстырмасы берілді:

| | *Клиенттерге берілетін кредиттер* |
|---|---|
| **2010 жылдың 31 желтоқсанына** | 7.602.401 |
| Бір жылғы шығыстар | 2.764.349 |
| Қалпына келтіру | 221.486 |
| **2011 жылдың 31 желтоқсанына** | **10.588.236** |
| Алты айлық кезең үшін шығыстар (аудит жасалмаған) | 1.427.408 |
| Есептен шығару (аудит жасалмаған) | (445.853) |
| Бұрын есептен шығарылған сомаларды қайтару (аудит жасалмаған) | 15 |
| **2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған)** | **11.569.806** |

## 5. Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

### Кредиттік тәуекелді азайтатын қамтамасыз ету және басқа құралдар

Корпорация берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі қарсы агенттің кредиттік тәуекелді бағалауына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

Төменде алынған қамтамасыз етулердің негізгі түрлері аталған:

- Коммерциялық кредиттеу кезінде – жылжымайтын мүлік, ауыл шаруашылық құрал-жабдық, қорлар мен дебиторлық берешек кепілі, кепілдіктер мен бағалы қағаздар;
- Жеке тұлғаларды кредиттеу кезінде – тұрғын үй және басқа да активтер кепілі.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтын құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай–ақ құнсыздану шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады.

### Кредиттердің клиенттерде шоғырлануы

2012 жылдың 30 маусымына Корпорация он ірі тәуелсіз тарапқа берген кредиттердің шоғырлануы 27.587.659 мың теңге немесе жиынтық кредиттік портфельдің 26% болды (2011 жылдың 31 желтоқсанына: 29.773.210 мың теңге немесе жиынтық кредиттік портфельдің 34%).

## 6. Сатуға арналған активтер

Қауымдасқан компанияларға инвестициялар Кредиттік серіктестіктерге үлестік қатысуды білдіреді. Мұндай серіктестіктер Корпорациядан алынған қаражаттың есебінен ауылдағы клиенттерді қаржыландырады. 2011 және 2010 жылдардың ішінде Корпорация қауымдасқан компанияларға инвестицияларды сату жоспарын әзірлеп, сатып алушылардың айқындау және жоспарды аяқтау бағдарламасын бастады. Корпорация инвестициялардың ағымдағы әділ құнына қатысты ынталандырылған болып табылатын баға бойынша белсенді түрде сата бастады.

Төменде инвестициялардың шоттары бойынша қозғалыс көрсетілген:

| | *Сатуға арналған активтер* |
|---|---|
| 2011 жылдың 1 қаңтарына қалдық | 319.979 |
| Инвестицияларды сату | (150.020) |
| Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болған залал | (2.293) |
| 2012 жылдың 1 қаңтарына қалдық | **167.666** |
| Сатуға арналған активтерді сатып алу | **54.356** |
| Инвестицияларды сату | **(31.915)** |
| Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болған залал | **(1.200)** |
| 2012 жылдың 30 маусымына қалдық | **188.907** |

## 7. Кредиттік ұйымдардың қаражаты

Банктен шетел валютасында алынған ұзақ мерзімді қарызға мыналар жатады:

| Банк | Валюта | Өтеу күні | Пайыздық мөлшерлеме | 2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған) | 2011 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| Commerz AG Bank (17-ескертпе) | АҚШ доллары | 25.02.2013 | 10.33% | **4.547.301** | 6.776.149 |

2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең ішінде Корпорация Commerz AG Bank алдында 15.000 АҚШ доллары сомасында (2,226,350 мың теңге) қарызды өтеді.

*Шектейтін қаржы шарттары*

Шетелдік банктің қарыз шартының талаптарына сәйкес Корпорация белгілі бір қаржы коэффициенттерін сақтауға міндетті. 2012 жылдың 30 маусымына және 2011 жылдың 31 желтоқсанына Корпорация шарт бойынша шектелген қаржы көрсеткіштерін орындау талаптарын сақтады.

## 8. Акционердің алдындағы берешек

| | Өтеу күні | Пайыздық мөлшерлеме | 2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған) | 31 желтоқсан 2011 жыл |
|---|---|---|---|---|
| Акционерден алынған қарыздар | 30 желтоқсан 2012 жыл | 0,5 - 1,02% | 42.798.040 | 14.807.777 |
| **Акционердің алдындағы берешек** | | | **42.798.040** | 14.807.777 |

2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең ішінде Корпорация 1.085.376 мың теңге сомасында Акционерден ұзақ мерзімді қаражатты, сондай-ақ 28.663.555 мың теңге сомасында қысқа мерзімді қаражатты алды. Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарызды бастапқы мойындау нәтижесінде туындаған 167.052 мың теңге мөлшеріндегі кіріс қосымша төленген капиталда мойындалды.

## 9. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

| | Өтеу күні | Мөлшерлеме % | Валюта | 2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған) | 2011 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| Индекстелген борыштық бағалы қағаздар | 2012 жылғы 10 тамыз | 6-9% | теңге | **3.014.871** | 2.973.443 |
| Тіркелген кірісі бар борыштық бағалы қағаздар | 2014 жылғы 30 желтоқсан | 11% | теңге | **36.109** | 35.784 |
| Тіркелген кірісі бар борыштық бағалы қағаздар 3 эмиссия | 29 маусым 2014 жыл | 8% | теңге | **–** | 2.497.070 |
| **Шығарылған борыштық бағалы қағаздар** | | | | **3.050.980** | 5.506.297 |

2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең ішінде Корпорация 2.427.200 мың теңге мөлшерінде тіркелген кірісі бар шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алды.

## 10. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек

| | 2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған) | 31 желтоқсан 2011 жыл |
|---|---|---|
| Алматы облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | **89.475** | 86.044 |
| Жамбыл облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | **39.006** | 48.808 |
| | **128.481** | 134.852 |

## 11. Салық салу

Төменде 30 маусымда аяқталған кезең үшін КТС бойынша шығыстармен бірге КТС корпоративтік мөлшерлемесі бойынша салық салынғанға дейінгі кіріске қолданылған корпоративтік табыс салығы ("КТС") бойынша жеңілдіктердің салыстырып тексеруі келтірілген:

| | *2012 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін (аудит жасалмаған)* |
|---|---|
| Ағымдағы табыс салығы | – |
| Кейінге қалдырылған салық – уақыт айырмаларының туындауы және азаюы | 212.672 |
| Мыналарды шегере отырып: басқа да жиынтық шығыста мойындалған мерзімі ұзартылған салық бойынша жеңілдіктер | (32.933) |
| **Табыс салығы бойынша жеңілдік** | **179.739** |

## 12. Капитал

Төменде шығарылған және толығымен төленген акциялардың қозғалысы туралы деректер келтірілген:

| | *Акция үшін орналастыру бағасы (теңге)* | *Акциялардың саны* | *Жиыны (мың теңге)* |
|---|---|---|---|
| **2010 жылдың 31 желтоқсанына** | 1,000 | 48.649.371 | 48.649.371 |
| Жарғылық капиталды ұлғайту | | 16.700.000 | 16.700.000 |
| **2011 жылдың 31 желтоқсанына** | | **65.349.371** | **65.349.371** |
| Жарғылық капиталды ұлғайту (аудит жасалмаған) | | **2.250.000** | **2.250.000** |
| **2012 жылдың 30 маусымына (аудит жасалмаған)** | | **67.599.371** | **67.599.371** |

2012 жылдың 30 маусымына және 2011 жылдың 31 желтоқсанына жарияланған акциялардың жалпы саны 69.349.371 болды, әрі олардың төленген жай акциялардың саны 2012 жылдың 30 маусымына 67.599.371 болды (2011 жылдың 31 желтоқсанына - 65.349.371 акция).

Жалғыз Акционердің 2011 жылғы 14 ақпандағы, 2011 жылғы 26 ақпандағы және 2011 жылғы 21 желтоқсандағы шешімінің негізінде жарғылық капитал 20.700 мың жай акцияға ұлғайтылды, әрі олардың 2011 жылы орналастыру құны 1.000 теңге болатын 16.700 мың акциясы жалғыз Акционерден жарғылық капиталға жарна ретінде алынды және орналастыру құны 1.000 теңге болатын 2.250 мың акция 2012 жылдың бірінші жарты жылында алынды.

2012 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін Корпорация дивидендтерді жариялаған жоқ және төлеген жоқ.

Корпорацияның ережесіне сай резервтік капитал, келешек шығындарды және басқа да көзделмеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы банктік тәуекелдер үшін қалыптасады. Резервтік капитал акционерлердің жалпы жиналыстағы шешімінің негізінде бөлінуі тиіс.

Жалғыз Акционердің 2012 жылғы 30 мамырдағы шешімінің негізінде резервтік капитал жинақталған резервтің есебінен 169.145 мың теңгеге ұлғайды.

## 12. Капитал (жалғасы)

Резервтегі өзгерістер былайша көрсетілген:

| | *Қосымша төленген капитал* | *Шартты бөлу резерві* |
|---|---|---|
| 2010 жылдың 31 желтоқсанына | 2.849.181 | (2.319.198) |
| Шартты бөлу резерві | – | (2.920.188) |
| Шартты бөлу бойынша резервке салық әсері | – | 584.038 |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуы | 1.319.740 | – |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуынан болған салықтық әсер | (263.948) | – |
| **2011 жылдың 31 желтоқсанына** | **3.904.973** | **(4.655.348)** |
| Шартты бөлу резерві | **–** | **(331.713)** |
| Шартты бөлу бойынша резервке салық әсері | **–** | **66.343** |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуы | **167.052** | **–** |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуынан болған салықтық әсер | **(33.410)** | **–** |
| 2012 жылдың 30 маусымына | **4.038.615** | **(4.920.718)** |

## 13. Шарттық және шартты міндеттемелер

### Заңи мәселелер

Корпорация әдеттегі қызметінің барысында сот шағымдары мен талаптарының объектісі болып табылады.

Басшылықтың пікірінше, мұндай шағымдардың немесе талаптардың нәтижесінде туындайтын ықтимал міндеттемелер (олар болғанда) Корпорацияның келешектегі қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне айтарлықтай теріс ықпал етпейді.

### Салық салу

Қазақстандық коммерциялық және атап айтқанда, салық заңнамасында түсінік берілуі өзгеріп отыруы мүмкін ережелер бар, жекелеген жағдайларда заңнамаға жанама түрдегі ретроспективті әрекеті бар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Сонымен бірге, Корпорация басшылығының заңнама ережелерін түсінуі осы ережелерді салық органдарының түсінуінен ерекшеленуі мүмкін және нәтижесінде Корпорация жүргізген операцияларды салық органдары өзгеше бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Корпорация басшылығы барлық қажетті салық аударымдары жасалды және тиісінше, есептілікте қандай да бір резервтер есептелген жоқ деп есептейді. Салық органдары соңғы бес жыл үшін салық салу бойынша деректерді тексеруі мүмкін.

### Пайдаланылмаған кредит желілері

30 маусымға Корпорацияның шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

| | *2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған)* | *2011 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Пайдаланылмаған кредит желілері – клиенттерге берілген кредиттер | **23.497.940** | 17.850.497 |

## 14. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар

Қызметкерлер құрамының шығыстары мен қызметкерлерге төленетін басқа да сыйақы сомасына, сондай-ақ басқа да операциялық шығыстарға келесі позициялар кіреді:

| | *2012 жылғы 30 маусымда аяқталатын алты айлық кезең үшін (аудит жасалмаған)* |
|---|---|
| Қызметкерлер құрамының шығыстары және басқа да төлемдер | 472.092 |
| Әлеуметтік қамсыздандыру шығыстары | 43.226 |
| **Қызметкерлер құрамының шығыстары** | **515.318** |
| | |
| Ағымдағы жалдау | 57.736 |
| Заңгерлік және кеңестемелік қызметтер | 48.187 |
| Тозу және амортизация | 38.022 |
| Іссапар шығыстары | 25.796 |
| Мемлекеттік алым | 20.107 |
| Байланыс қызметтері | 16.056 |
| Негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету | 11.934 |
| Банктік қызметтер | 8.826 |
| Қайырымдылық мақсаттарына арналған шығыстар және демеушілік көмек | 6.593 |
| Сақтандыру шығыстары | 2.716 |
| Офистік керек-жарақтар | 2.419 |
| Қызметкерлер құрамын оқыту | 1.990 |
| Басқасы | 29.555 |
| **Басқа да операциялық шығыстар** | **269.937** |

## 15. Акцияға кіріс

Акцияға арналған базалық және бөлінген кіріс жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі кезеңдегі таза кірісті кезең ішінде айналыста болатын акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептеледі.

Төменде базалық кірісті және 30 маусымда аяқталған алты ай үшін акцияға бөлінген кірісті есептеу кезінде пайдаланылған кіріс пен акциялар туралы деректер келтірілген:

| | *2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін (аудит жасалмаған)* |
|---|---|
| Базалық және акцияға бөлінген кірісті есептеу үшін жай акцияларды ұстаушыларға жататын таза кіріс (мың теңге) | 261.904 |
| Базалық және акцияға бөлінген кірісті есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны | 66.260.602 |
| Базалық және акцияға бөлінген кіріс (теңгемен) | 3,95 |

2012 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бөлетін құралдар шығарылған жоқ.

2012 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Қор Биржасының Листинг талаптарының әдістемесіне сәйкес есептелген бір жай акцияның баланстық құны 929 теңге болды (2011 жылдың 31 желтоқсанына: 924 теңге).

## 16. Қаржы құралдарының әділ құны

Корпорация қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпаратты анықтау және жариялау үшін бағалау әдістерінің мынадай иерархиялық құрылымын пайдаланады:

- 1-деңгей: сәйкес активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеулер;
- 2-деңгей: бүкіл бастапқы дерек нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бағалау моделі;
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмейтін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бүкіл бастапқы деректі пайдаланатын бағалау моделі.

Төмендегі кестеде әділ құнының иерархия деңгейіне қарай әділ құны бойынша көрсетілген қаржы құралдарының талдауы келтірілген:

| *2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған)* | *1-деңгей* | *2-деңгей* | *3-деңгей* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржы активтері** | | | | |
| Ендірілген туынды қаржы құралдары | **–** | **245.888** | **–** | **–** |
| | **–** | **245.888** | **–** | **245.888** |

| *2011 жылғы 31 желтоқсан* | *1-деңгей* | *2-деңгей* | *3-деңгей* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржы активтері** | | | | |
| Ендірілген туынды қаржы құралдары | – | 348.963 | – | – |
| | – | 348.963 | – | 348.963 |

## 17. Байланысқан тараптармен операциялар

24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» сәйкес біреуінің екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе айтарлықтай ықпал етуге мүмкіндігі бар тарап байланысты болып есептеледі. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

Байланысқан тараптармен операциялар көлемі, 2012 жылдың 30 маусымының соңындағы сальдо, сондай-ақ бір жылғы шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде көрсетілген:

| | *2012 жылғы 30 маусым* | | | | *2011 жылғы 31 желтоқсан* | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Акционер* | *Жалпы бақылау астындағы компаниялар* | *Қауымдасқан компаниялар* | *Үкіметтің алдындағы берешек* | *Акционер* | *Жалпы бақылау астындағы компаниялар* | *Қауымдасқан компаниялар* | *Үкіметтің алдындағы берешек* |
| Клиенттерге берілген кредиттер | **–** | **1.230.015** | **–** | **–** | – | 1.127.481 | – | – |
| жағдай бойынша берешек | **42.798.040** | **169.118** | **–** | **128.481** | 14.807.777 | 165.741 | 16.508 | 134.852 |

| | *2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең* | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Акционер* | *Жалпы бақылау астындағы компаниялар* | *Қауымдасқан компаниялар* | *Үкіметтің алдындағы берешек* |
| Жыл ішіндегі пайыздық кірістер | **–** | **19.317** | **–** | **–** |
| Жыл ішіндегі пайыздық шығыстар | **546.740** | **6.904** | **908** | **5.086** |

## 17. Байланысқан тараптармен операциялар (жалғасы)

Негізгі басқарушы персоналға сыйақыға келесі позициялар жатады:

| | *2012 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең* |
|---|---|
| Қызметкерлерге жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер | **27.522** |
| Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар | **2.766** |
| **Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақының жиыны** | **30.288** |

| | *2012* | *2011* |
|---|---|---|
| Пайдаланылмаған кредит желілері – қауымдасқан компанияларға берілген кредиттер | **1.027.002** | 2.420.324 |
| Акционер берген кепілдіктер (7-ескертпе) | **4.547.301** | 6.776.149 |

## 18. Капитал жеткіліктігі

Корпорация қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Корпорация капиталының жеткіліктілігі өзге әдістермен қатар Корпорация қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚҚК белгілеген коэффициенттерді қолдана отырып бақыланады.

Корпорация үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Компанияның капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауынан және жоғары кредиттік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды максималдандыруға қажет капитал жеткіліктілігінің нормативтерін ұстап тұруды қамтамасыз етуден тұрады. 2012 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 айдың ішінде Корпорация ҚР заңнамасында капиталға қатысты белгіленген барлық сыртқы талаптарды орындады.

*ҚҚК белгілеген капитал жеткіліктілігінің коэффициенті*

ҚҚК банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын компаниялардан 1-деңгейдегі капитал жеткіліктігінің коэффициентін (k1) активтердің кем дегенде 6% мөлшерінде; капитал жеткіліктігінің коэффициентін (k1-2) активтердің және тәуекелді ескере отырып алынған шартты әрі ықтимал міндеттемелердің кем дегенде 6% мөлшерінде; және жалпы капитал жеткіліктігінің коэффициентін (k1-3) активтердің және тәуекел мен операциялық тәуекелді ескере отырып алынған шартты әрі ықтимал міндеттемелердің кем дегенде 12% мөлшерінде қолдап тұрын талап етеді. 2012 жылдың 30 маусымына және 2011 жылдың 31 желтоқсанына ҚҚК талаптарына сәйкес есептелген тәуекелді ескере отырып алынған активтер Қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әзірленген Корпорацияның қаржылық есептілігінің негізінде алынды. 2012 жылдың 30 маусымына және 2011 жылдың 31 желтоқсанына осы негізде Корпорация капиталының жеткіліктілік коэффициенті былайша болды:

| | *2012 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған)* | *2011 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Бірінші деңгейдегі капитал | **62.759.328** | 60.471.332 |
| Екінші деңгейдегі капитал | **261.904** | 169.145 |
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестері | **(134.550)** | (167.666) |
| **Капитал жиыны** | **62.886.682** | 60.472.811 |
| | | |
| Тәуекелді ескере отырып алынған активтер | **111.358.656** | 87.469.936 |
| Шартты және ықтимал міндеттемелер | **11.748.970** | 8.925.249 |
| Операциялық тәуекел | **862.439** | 1.648.621 |
| | | |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1) | **55,2%** | 68.7% |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-2) | **51,0%** | 62.7% |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-3) | **50,7%** | 61.7% |

## 19. Аралық кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар

2012 жылғы 10 тамызда KZ2C0Y05C515 шығарылған облигациялардың айналыс мерзімі аяқталды, Корпорация 2.938.886 мың теңге сомасына облигациялардың номиналды құнын толық өтеді.

2012 жылдың үшінші тоқсанында жалғыз Акционерден Корпорацияның Жарғылық капиталына жарна ретінде 1.750.000 мың теңге түсті. Осылайша, 2012 жылдың 31 қазанына төленген акциялардың саны 69.349.371 акция болды.